

XXI ғасыр Азия ғасыры ма, жоқ па? Қытай мен АҚШ бақталастығы

Ф. Т. Кукеева, А. Д. Избаев

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: fturar@mail.ru

Түйін. Бүгінгі таңда жаһандық халықаралық қатынастарда аймақтағы ықпал үшін күрес аса өзекті де маңызды мәселелердің қатарына жатқызылып отыр. Абырой мен ықпал үшін тайталас үлкенді-кішілі кез-келген мемлекеттердің арасында болуы мүмкін. Олардың арасындағы ең ірісі АҚШ пен Қытай арасындағы Азия Тынық Мұхиты аймағы үшін күрес болып табылады. Өйткені көптеген мамандардың пікірінше дәл осы аймақ болашақта шешуші рөл атқаруы мүмкін. Ал халықаралық сарапшылар XXI ғасырды Азия ғасыры деп бекер атамаса керек. Бұған дәлел Азия елдерінің қарқынды дамып келе жатқан экономикасы мен халық саны болып табылады. АТА-ғы ықпал үшін күрес дегенде, қазір тек екі мемлекетті атауға болады. Оның бірі батыс және бүкіл әлем өкілі АҚШ болса, екіншісі, лапылдап жатқан айдаһар Қытай Халық Республикасы. Осы бір тұжырыммен дауласатын ешкім жоқ деп ойлаймын.

Қазіргі кезде аймақтағы ықпал үшін күрес аса өзекті тақырыптардың бірі болып саналады. Халықаралық сарапшылар XXI ғасырды Азия ғасыры деп атап келеді [1]. Мұндай мәлімдемеге Азия елдерінің қарқынды дамып келе жатқан экономикасы мен халқы себеп болып отыр. Ал Азия-Тынық мұхиты үшін күрес, жалпы аймақтағы ықпал үшін күрес дегенде АҚШ-қа қарсы тек жалғыз мемлекетті қоюға болады, бұл сөзсіз Қытай Халық Республикасы.

Америка үшін Қытайдың ірі аймақтық державаға айналу қаншалықты қолайлы және оның әлемдік держава статусына талпынысы қаншалықты шындыққа сәйкес келеді? Осы сұраққа жауап беру үшін қытай халқының ділі, оның қоршаған дүниеге көзқарасы мен алға қойған мақсаттарына назар салған жөн.

Қалыптасқан көзқарас бойынша, қытай басшылығы қоршаған әлемді жауы деп қарастырады [2]. Алайда маоистік кезеңмен салыстырғанда, ол Қытай қауіпсіздігіне тікелей әскери қауіп төндірмейді. Сондықтан да әлем гегемонизмге қарсы күрес призмасы арқылы қарастырылып, Американың жаһандық басымдылығына, сондай-ақ Ресей, Жапония,

Үндістан сияқты «үлкен елдердің» аймақтық басымдылығына қарсы тұру қажеттілігі туындайды.

Осыдан Қытайдың сыртқы саяси басымдылықтары қалыптасады. Біріншіден, ашық саясат пен қытай реформаларын жүзеге асыру үшін қолайлы халықаралық шарттардың қалыптасуын қамтамасыз ету. Яғни жаһандық лидерлермен бейбіт қарым-қатынас сақтап, Қытайдың жақын көршілерімен қатынастарды жақсарту. Екіншіден, бұл «уақытша жасырыну» мақсаты, компромисс негізінде іс-әрекет жасау, бұл дегеніміз – уақыт ұтып, «кешенді мемлекеттік қуат» жинау, осыдан кейін ғана әлемдік көшбасшылыққа талпынуды білдіреді. Осы тұжырымды прагматикалық деп санауымыз дұрыс болады. Ол қазіргі Қытайдың экономикалық және әскери мүмкіншіліктерін сын көзбен бағалау және КСРО-ның ыдырау нәтижесінде қалыптасқан монополярлы жүйеде АҚШ-тың жалғыз ұлы держава болып қалуын мойындаумен байланысты. Және де Пекиннің пікірі бойынша, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін АҚШ өзінің басты бәсекелесі және «басты жауы» ретінде Қытайды қарастырады.

Әлемге қатысты сондай көзқарас негізінде Қытайдың басты сыртқы саяси бағыттарының бірі ретінде АҚШ-пен қатынастарды дамыту қалыптасты. Америкамен ынтымақтастық – әлемдік экономикалық және саяси алпауытпен одақ ретінде қарастырылады және онымен жақсы қарым-қатынастар қытай реформаларының сәттілігімен байланысты. Екі жақты қатынастардың негізі әлі де «өзара қауіптер» мен «өзара пайда» симбиозынан құралады. Қытайға қарсы бағытталған Азия Тынық мұхит аймағындағы американ әскерлерінің шоғырлануы Пекин өз мүдделеріне қайшы келеді деп санайды. Бірқатар американдық зерттеушілер мен саясаткерлердің пайымдауынша, Пекин АҚШ-тың әлемдік позицияларын әлсірету үшін өзінің әскери және экономикалық қуатын нығайтып жатырмыс [3]. Айдаһар елі тек Вашингтонды ғана өзінің жаңа болашақ жаһандық бәсекелес ретінде қарастыратын көрінеді. Бір қызығы бәсекелестер қатарында Ресей мен Еуро Одақ мемлекеттері жоқ. Айта кететін жайттардың бірі Қытай да, АҚШ та бір-бірін тікелей әскери қауіп ретінде қарастырмайды.

Екінші жағынан, қытай саудасының төрттен бірі және Қытайдағы шетел инвестицияларының үштен бірі АҚШ-қа тиісілі, сондықтан да ол қытай модернизациясының жүзеге асырылуында маңызды рөл ойнайды. Екі ел арасында тауар айналымы 1980 жылдан 2005 жылдың өзінде 10 есеге өскен. Яғни 4,8 млрд доллардан 170 млрд долл. дейін жеткен екен [4]. Ал қазір бұл көрсеткіш тағы еселенген. АҚШ пен ҚХР өзара авиа-нарығын ашуға келісімге келді. 2010 жылы екі ел арасында авиакомпаниялардың саны екі есеге өседі, ал рейс саны бес есеге көбейіп отыр. 2011 жылдың аяғына дейін келісім бойынша әрапталық рейс саны 300-ге дейін өседі. Екі жақты көптеген келісімдер жетіп артылады. Олардың құны жүздеген миллиард долларды құрап отыр. Вашингтонмен қарым-қатынастардың нашарлануы экономикалық өсудің қарқынына кері әсерін тигізетінін Пекин түсінеді. Өз кезегінде АҚШ-тың да Қытай елінде ірі инвестицияларға негізделген терең бизнес мүдделері бар. Мәселен құны 25 млрд долл. тұратын ГЭС. Станция қуаттылығы 18 200 мегаватты құрайды. Оның іске қосылуы жылдық су тасқынын тоқтатып, электроэнергиядағы өсімді сұранысты қамтамасыз етіп отыр. Ақ үйдің стратегиялық жоспары бойынша, қытай экономикасын нарықтандыру мен жаһандандыру арқылы

елдегі саяси жүйені біртіндеп демократиялық бағытқа қарай өзгертуге болады [4].

ҚХР-ға қатысты АҚШ билігінің өзіндік доктринасы бар екенін айта кеткен жөн. Бұл ұзақ мерзімді стратегиядан тұратын жоспар. Вашингтонның бұл стратегиясын Евразиялық жоспар бекітуі керек. Көптеген сарапшылардың пікірінше, Ауғанстан мен Ирак – осы доктринаны іске асырудың бөлігі болып табылады [5]. 2000 жылы АҚШ Конгресі оның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына мүше болғаннан кейін тұрақты сауда қатынас режимін Қытайға беру шешімін қабылдады. Осы арқылы АҚШ 90 жылдары қолданған Қытайға мықты қысым көрсеткен рычагтардың бірінен айырылғаны есімізде. Қазіргі кезде Американо-қытай экономикалық қатынастарында АҚШ-тың ұзақ мерзімді мүдделеріне қайшы келетін маңызды дисбаланс қалыптасты. 2003 жылы Қытаймен саудадағы дефицит 124 млрд долл. жетті, ал қытай импорты Қытайдағы американ экспортының көлемінен 5 есе асып түсті [4]. Қытай экономикалық дамуға уақыт пен кеңістік жеңу мақсатында АТА-да дипломатиялық шабуыл жүргізіп отырды. Басқа жағынан қарағанда, Қытай Солтүстік Кореяның жеке атомдық арсеналының дамуына мүмкіндік бермеуге бағытталған келіссөздерде АҚШ-қа көмектесе алатын негізгі мемлекет болып табылады. ҚХР АҚШ-пен саудадан үлкен кіріс алатындығы даусыз. Бірақ бұл АҚШ-пен қарым-қатынастарында ешқандай кепілдік бермейді. Саяси шиеленіс өзара тәуелділікті әр жақтың кімге жол беретіндігінде келісушілікке емес, қақтығысқа әкеледі. Американдық сарапшылар айтуынша, АҚШ геосаяси мақсаты үшін тек экономикалық стимулмен ғана қанағаттана алмайды. Соңғы жылдары екі жақты қатынас тағы да қайшылыққа тап болды: 2004 жылы қыркүйектің соңында АҚШ 14 қытайлық компанияларға қарсы Иранға әскери технология мен қару-жарақ қамтамасыздандыруы туралы санкция енгізді. Қытай саясатында стратегиялық тұрақтылық пен аумақтық шиеленістер мәселесі бойынша АҚШ-пен келіссөздер жүргізуге ұмтылыс бар. Стратегиялық тұрақтылықты қолдауда АҚШ тарапынан көңіл бөлуге түсінік бере отырып, ғарыш пен қарулы күштердің техникалық жабдықталуы туралы жаңа амбициялық бағдарламалардың жетістіктерін жариялауда. Қытай АҚШ-тың қару-жарақ таратылмау қағидасына дайын, егер оның қатысуы үшін құқықтық базаны тапқан жағдайда. Осын-

дай ынтымақтастықтың теоретикалық негізі көпжақты жауапты күш салуды талап ететін «қауіпсіздік мәселесінің жаһандануы» туралы қытай басшылығының жаңа тезисі болып табылады. Әскери-стратегиялық диалогқа АҚШ-тың араласуына стратегиялық тұрақтылық, жаңа қауіп пен Орталық Азиядағы жағдай мәселелері бойынша Қытай НАТО диалогының құрылуы туралы, сонымен қатар Корея мәселесі жөнінде алтыжақты кездесудің Шығыс Азия қауіпсіздігі туралы органға айналуы туралы идеясы бағытталған. Қытай НАТО мен АҚШ-пен әскери-саяси және әскери-техникалық ынтымақтастық мүмкіндіктерін іздейді, яғни Шығыс Азияда көпжақты әскери-саяси құрылымдарды құру АҚШ-тың қатысуынсыз мақсат қою мүмкін еместігін Пекин түсінеді. АҚШ-пен экономикалық қарым-қатынасқа келетін болсақ, Пекин сауда дауын тудырмауға тырысады. Мысалы, Валюта мәселе бойынша (юань курсы) АҚШ қысымына америка тауарын, әсіресе АҚШ үшін өте маңызды самолет құрылысындағы тауарларды сатып алуының кеңеюі деп жауап берді. «Буш доктринасы» кезіндегі АҚШ жаңа саясаты Қытай алдына екі маңызды проблема қойды. Біріншісі, қытай шекарасына жақын америка қарулы күштерінің алдыңғы қатарлы базалық құрылымдарының құрылуымен байланысты, екіншісі, парсы шығанағы елдерінен қытайлық мұнай импортына қауіпін өсуімен байланысты [6]. Осылай америка-қытай қатынастарының шиеленісуі қауіп бар. Жағдайдың дамуы экономикалық, геосаяси, аумақтық факторларға байланысты. АҚШ-тың Азиядағы жоспары болашақта Вашингтон пен Пекин арасында кең көлемді дағдарысқа әкеп соқтыруы мүмкін. Ұстаным факторы Ресей пен Қытай арасында, сонымен қатар ШЫҰ-мен әскери-саяси ынтымақтастық болып табылады. Тәжірибелік дипломатияда Пекин қытай-американ қатынастарында шиеленіс туғызатын халықаралық шешімдерге араласпайды. Тайвань мәселесі Қытай-американ ынтымақтастығына басты қауіп болып қала береді. ҚХР жаңа басшылығы «бір мемлекет – екі жүйе» ресми шешімінде тұрады.

Бұл ретте екі елдің аймақтағы үстемдік үшін бақталастығы туралы айта кеткен жөн. Америка мен Қытай арасындағы бақталастық Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін басталғаны белгілі. Алайда көптеген мамандардың пікірінше шын мәніндегі күрес енді-енді басталып жатыр. Өйткені қазіргі

Айдаһар елін 90 жылдардың басындағы Жаңа Қытаймен салыстыруға мүлдем келмейді. Қара қытайдың қазіргі экономикалық даму қарқыны бүкіл әлемді тамсандырып, қорқытып отыр.

Қазіргі жағдай Кеңес-Американ бақталастығын еріксіз еске түсіреді. Адамзат III дүниежүзілік соғыстың алдында тұрған кез... Қырғиқабақ соғысы кезінде екі жақтың да қарулану деңгейі бүкіл әлемді шошытқан болатын. Алайда Мәскеудің жоспарлы саясаты мен қорғанысқа бөлген қорғамақты қаражаты, ел экономикасын күрт нашарлатып жібергені есімізде. Ал Ақ үй мұндай бағыттың дұрыс емес екенін уақытылы аңғарып, ел жағдайы мен экономиканы күшейтумен болған еді. Нәтижесін біз білеміз. Мамандар дәл қазіргі Қытайды сол кездегі Америкамен, ал АҚШ-ты Кеңес Одағымен салыстырып отыр. Осылай жалғаса берсе Вашингтон Кеңестердің кейпіне енетіні сөзсіз дейді саясаткерлер. Қалай дегенменде, мұндай пессимистік болжамдарды Америка мамандары жоққа шығарып отыр.

Осылайша Пекин қарқынды даму үстінде. Ал Ақ үйдің қаржылық жағдайы нашарлап, экономикалық дағдарысқа душар болып отыр. Қазірдің өзінде, АҚШ-тың сыртқы қарыз мөлшері ішкі қарызын есептемегенде 15 триллион доллар шамасын құрап отыр. Экономистер қазірдің өзінде рөлдер ауысып жатыр дейді. Америка қарыздар болып жатса, ал Қытай ең үлкен кредитор атағына ие болуда.

Қалай дегенмен де АҚШ ұлы держава. Бұл атақ елде кем дегенде 20 жыл тұрады дейді мамандар. Өйткені Қытайдың бірқатар салада дамып кеткен Американы қуып жетуі әзірше екіталай. Алайда еркіндік елімен дұрыс бәсекелесе білудің арқасында, Пекин аймақтағы ықпал үшін күрес жүргізуді өз саясатының аса маңызды басымдылықтарының бірі деп санайды.

Сол себептен, Америка мен Қытай арасындағы аймақтағы ықпал үшін күрес қыза түспек. Азия Тынық мұхит аймағы екі ел үшін де өте маңызды. Қарқынды дамып келе жатқан Қытай үшін еркіндік аса маңызды саяси-экономикалық факторлардың бірі болып табылады. Еркін экономикалық қозғалыс арқылы ғана Пекин өз дамуын тұрақты түрде жүзеге асыра алады. Ал АҚШ бұл қарқынды дамуды тежеу үшін барын салмақ. Сол себепті екі елдің арасында үлкенді-кішілі әр түрлі саяси-идеологиялық келіспеушілік туындап отырады. Бұл кикілжіңдер қазірдің өзінде орын алуда. Мәселен Қытай та-рапынан адам құқығы, сөз бен дін бостандығы

сияқты ережелердің сақталмауы Вашингтон жағынан үнемі қарсылыққа ұшырап отырады. Қытай экономикасының динамикалық дамуы мен ішкі жалпы өнімнің тез өсуімен қатар АҚШ пен Қытай арасындағы сауда-экономикалық қақтығыстар орын алуда. Бұл қақтығыстар юанның конверсиялау мәселесінен көрінеді. Тайвань мәселесі де аса өзекті. Жақында ғана Вашингтон бейбіт бірлестікке ұмтылған Пекиннен бөлініп шықпақ ниетте болып отырған Тайбэй еліне қару сатуды ойлаған. Мұны білген ресми Пекин, 4 млрд долларға жуық бағаланған келісімге қарсы шығып, Ақ үйге наразылығын білдіреді. Осылайша келісім бұзылып, Пекин жай табады. Бұл да бір АҚШ-тың Айдаһар еліне деген қысымы, сес көрсетудің бір тәсілі екені айдан анық. Келесі мәселе жер дауымен байланысты. Дәлірек айтсақ Ақ үйдің негізгі әріптесі саналатын Жапония мен Қытай арасындағы қарама-қайшылық. Қытай мамандарының ойынша қазіргі жапон иелігіндегі Дяююйдао (Сэнкаку) аралы Қытайға тиесілі. Тарих бойынша, сонымен қатар халықаралық құқық нормаға сәйкес бұл қытай территориясы болып табылады. 1951 жылы АҚШ бұл жерді Қытай халқын кемсіту мақсатында заңсыз түрде Жапонияға берген екен. Қытайдың оңтүстік-шығыс көршілерімен қарым-қатынасының территориялық дауына жататын тағы бір мәселе, ол Спратли аралдарының тиістілігі. Тарихи тұрғыда бұл аралдар да Халық Республикасына жатады. Айдаһар елін ашуландыратын тағы бір мәселе Жапонияның Тайвань статусы жөніндегі тұрақсыздығы. Нақтырақ айтқанда Токионың жүйелі бір шешімге келе алмауы [4].

XIX ғасыр Еуропа, ал XX ғасыр АҚШ үстемдігімен өтсе, XXI ғасыр азиялық болатыны туралы пікір кең таралуда. Ресей тарихшысы, ғалым А.И. Уткиннің пікірінше, XXI ғасырдағы АҚШ мақсаттарын келесідей анықтауға болады: Жапонияны бақылауды сақтап қалу мен Қытайдың өсуін тежеп, оның әлемдік экономикалық дамудың орталығы болатын әлем бөлігінің аймақтық лидеріне айналуды болдырмау.

Алайда Қытай мұнымен келіспейді. Халық Республикасының аймақтағы экономикалық және әскери-саяси күшке айналу талпынысы аса зор. Елдің қарулану қарқыны да өте күшті. Соңғы мәліметтер бойынша Айдаһар елі әскери техника сатып алу жағынан бірінші орынға шыққан. Бұл қарудың басым бөлігін Пекин Ресейден

иемденуде. Бір қызығы қара қытай қаруды тек сатып алып қана қоймай оны дамытумен де айналысады. Яғни елдің әскери технология кешені де орасан зор өзгерістерге ұшырап жатыр. Бұл дегеніміз әлемдегі халқы ең көп ел заманға сай өз қаруын да жасап шығаруды қолға алып отыр. Ал жақында ғана Пекин басшысы Ху Цзиньтао өз генералдарына соғысқа дайындалуына бұйрық беріп, бүкіл әлемді өз аузына қаратқаны тағы бар [7]. Мұндай мәлімдемелер батыстың назарынан тыс қалмайтыны әуел бастан-ақ белгілі жайт. Сондағы қытай көсемінің мақсаты не деген сұрақ туындайды. Бұл да бір дипломатиялық кадам, әрине, соғысқа дайынбыз деуге келе қоймас, бірақ жағдай соған тіреп тұрса құр қарап қалмаймыз дегенге емеурін білдірумен пара-пар.

Айдаһар елінің дамуындағы мұндай көрсеткіштер Америкаға қарсы бағытталғаны туралы пікірлер Вашингтонда жиі естілуде. Оған дәлел ретінде жыл сайын басылымға шығатын АҚШ Қорғаныс министрлігінің Конгресске жасайтын баяндамасынан байқауға болады. Қытайдың әскери потенциалы туралы бұл баяндамалар Пекиннің шын мәніндегі әскери шығындары ресми мәлімдемелермен салыстырғанда едәуір үлкен екенін көрсетіп отыр. Ол бойынша Қытай тек АҚШ пен Ресейге ғана жол береді. Сондықтан да Айдаһар елінің әлем мен аймақтағы өсіп келе жатқан ықпалы сөзсіз [8]. Аталған тенденция Тайвань мәселесін және жалпы аймақтағы жағдайды тұрақсыздандырады. Осы көзқарасты Америка билігіндегі Қорғаныс министрі Д. Рамсфелд, Орталық Барлау Басқармасының басшысы П. Госс және ұлттық барлау қызметінің басшысы Дж. Негропонт сияқты көптеген лауазымды тұлғалар ұстанады. Алайда жақында ғана жарық көрген «Қытайдың әскери потенциал» кітабы мұны да жоққа шығарып отыр. Американың бұрынғы қорғаныс министрі Г. Браун сияқты және тағы да басқа беделді эксперттерінің қатысуымен жазылған бұл кітапта өзге көзқарастар жазылған. Зерттеушілердің пікірі бойынша, Қытай «технология мен соғысқа қабілеттілігі жағынан Америкадан кем дегенде жиырма жыл артта қалған». Кітап авторларының пікіріне сүйенсек, ҚХР «аймақтық держава болып табылады» және «келесі жиырма жыл ішінде Қытай әлемдік деңгейдегі әскери державаға айнала алмайды» делінген. Солай дей тұра, Америкаға қарсы бағытталған ҚХР әскери күштерінің модернизациясы, технологиялық тыңшылық бағдарламасы

мен әскери саладағы Қытайдың басқа да жетістіктері АҚШ-қа қауіп келтіреді дегенге басылым авторлары келіспейді.

Геосаясат пен халықаралық қатынастар саласындағы бірқатар шетел мамандарының еңбектері зор қызығушылық тудырады. Олардың көбі батыс геосаясатының белгілі бір бағыттарын зерттеп қана қоймай, АҚШ сыртқы саясат бағытының анықталуына үлесін тигізген. Ф. Ратцель, Р. Челен, Х. Макиндер сияқты геосаясат негізін салушылардың идеяларын З. Бжезинский, Г. Киссинджер, С. Хантингтон, Ф. Фукуяма жалғастырған. З. Бжезинскийдің еңбегін АҚШ-тың жаһанды геосаясат стратегиясы туралы анықтама ретінде қарастыруға болады. Оның пікірі бойынша, Азия Тынық мұхит аймағында АҚШ-тың геостратегиясы келесі стратегиялық мақсатқа негізделуі керек: «Жапония энергиясын халықаралық арнаға бағыттау және Қытай қуатын аймақ мүдделерінде пайдалану». Осы мақсатты толығымен орындаса, Америка «Еуразияның шығыс бөлігінде геосаяси жағынан Еуропаның роліне жақын қадамдар жасай алады». Қазақстандық тарих ғылымында ҚР сыртқы саясатының әр түрлі аспектілері талданып, приоритетті бағыттардың бірі ретінде қытайлық және американдық бағыттар аталады. Алайда қазіргі таңдағы АҚШ-Қытай қарым-қатынастары тақырыбы жерлестер тарапынан әлі де толық зерттелінбеген.

Болашақты болжау біздің қолымыздан келмейді. Бірақ та мүмкін болатын сценарийді түсінуге тырысу кез келген саясаткердің міндеті. АҚШ жақын болашақта өз үстемдігінен айырылады деген жорамалдарды тарату менің пікірімше әлі ерте. Жоғарыда айтылып кеткендей

бұған нақты себептер мен дәлелдер бар. АҚШ-тың ұлы державалық саясат торы бүкіл әлемге жайылғаны сөзсіз. Өйткені Ақ үйдің әлемнің кез келген жерінде өз мүддесі бар. Осындай бір мүддені ол демі біткенше қорғайтыны айдан анық. Егер Үлкен қытай мұндай шарттармен келіспесе, қарулы қақтығыстан құтылуға болмайтыны аян. Сондықтан Пекин өзінің кез келген қадамын терең ойлана барып жүргізу керектігін біледі. Ал біз басқа елдің тәжірибесіне сүйене отырып күшті жақты ғана таңдауымыз керек.

Әдебиет

1. Foreign Policy Magazine – Hillary Clinton: America's Pacific Century (http://www.foreignpolicy.com/articles/2011/10/11/americas_pacific_century?page=full);
2. Намыс Қазақстан ақпарат порталы (<http://www.namys.kz/?p=479>)
3. Big Trouble with big China (http://www.foreignpolicy.com/articles/2010/02/02/big_trouble_with_big_china)
4. Sino-American relations (http://en.wikipedia.org/wiki/Sino-American_relations)
5. Main goals of US-China Relation (<http://www.cfr.org/china/us-china-relationship-policy-goals/p9205>)
6. Карта будущей войны (http://rusrep.ru/2010/09/karta_buduschey_voyny/)
7. China Preparing For Future Fight With US (<http://www.rense.com/general38/conflict.htm>)
8. Бжезинский о закате США и новой роли Китая, Индии, Японии, России и ЕС (<http://www.inosmi.ru/foreast/20120210/185545848.html>)

Ф.Т. Кукуева, А.Д. Избаев

Чей будет XXI век: Азии или нет? Китайско-Американское противостояние!

На сегодняшний день одним из важнейших вопросов в международных отношениях является борьба за влияние в регионе. Многие верят что XXI век будет веком Азии. А причина этому небывалый громадный рост в экономике и рост населения в Азиатских странах. Когда мы говорим о влиянии в Азиатско-Тихоокеанском регионе и в регионе в целом, можно противопоставить только две страны: США и Китай.

F.T. Kukeyeva, A. Izbayev

Which is XXI century: Asian or not? Sino – American confrontation!

Today one of the most important topics of international relation is influence to particular region. Most of the scholars believe that due to population and rapidly economic growth XXI century will be Asian century. When we are talking about influence in Asia-Pacific region we can compare and put against each other just two countries USA and China Nations Republic.